

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 211 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4900 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 118 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22 N 118 Қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 57-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 49-бабының 3-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1*
- 2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.*

- 4*
- 5*
- 6*

7. ...

*Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының*

2008 жылғы 22 тамыздағы

N 118 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1

2. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 16 шілдедегі N 211 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4900 т і р к е л г е н) .

3. ...

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне, жинақтаушы зейнетақы қорларына, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберсін.

4. Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н. Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының

2007 жылғы 16 шілдедегі

211 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тізбесі

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Агенттік Басқармасының»"Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздардың нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 264 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3196 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздардың нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 264 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 386 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3955 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздардың нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу

Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 264 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 121 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4275 тіркелген) , "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби катысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4608 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл, N 5, 255-құжат) қаулыларымен енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздардың нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

4-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Пруденциалдық нормативтің есебін және пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

5. Есептік тоқсанның соңғы жұмыс күні үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтер (бұдан әрі - Қосымша мәліметтер) уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынылады.

Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі.

6. Қосымша мәліметтер қағаз және электрондық тасымалдағышта жасалады және уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта беріледі. Қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерге брокер және дилердің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады және брокер және дилерде сақталады. Брокер және дилер уәкілетті органның талабы бойынша сұраныс түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерді береді.

7. Пруденциалдық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

8. Пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшеу бірлігі мыңдық теңгеде белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

9. Уәкілетті органға берілетін пруденциалдық нормативтің есебіне брокер

және дилердің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды және брокер мен дилердің мөрімен куәландырылады.

10. Электрондық тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

11. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін брокер және дилердің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.

12. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық нормативті бұзған жағдайда, брокер және дилер бұзушылық болған сәттен бастап үш күнтізбелік күні ішінде уәкілетті органға пруденциалдық нормативті бұзу факті мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып, хабарлайды."

2. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың Тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 265 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3189 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың Тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 265 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 389 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3941 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2005 жылғы 22 желтоқсанда N 239 (973) санында жарияланған), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың Тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын

ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 265 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 126 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4271 тіркелген), "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4608 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл, N 5, 255-құжат) қаулыларымен енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінің жүйесін жүргізу қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативті есептеу ережесінде:

4-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

" 2-тарау. Пруденциалдық нормативтің есебін және пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

5. Есептік тоқсанның соңғы жұмыс күні үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтер (бұдан әрі - Қосымша мәліметтер) уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынылады.

Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі.

6. Қосымша мәліметтер қағаз және электрондық тасымалдағышта жасалады және уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта беріледі.

7. Пруденциалдық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерге тіркеушінің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады және тіркеушіде сақталады. Тіркеуші уәкілетті органның талабы бойынша сұраныс түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерді береді.

8. Пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшеу бірлігі мыңдық теңгеде белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

9. Уәкілетті органға берілетін пруденциалдық нормативтің есебіне тіркеушінің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды және тіркеушінің мөрімен куәландырылады.

10. Электрондық тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

11. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін тіркеушінің бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.

12. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық нормативті бұзған жағдайда, тіркеуші бұзушылық болған сәттен бастап үш күнтізбелік күні ішінде уәкілетті органға пруденциалдық нормативті бұзу факті мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып, хабарлайды."

3. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3194 тіркелген, 2005 жылғы 14 қазанда "Заң газеті" газетінде N 190-191 (924-925) санында жарияланған) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 388 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3944 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004

жылғы 25 қыркүйектегі N 266 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 125 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4272 тіркелген), "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4608 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл, N 5, 255-құжат) қаулыларымен енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге: көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативті есептеу ережесінде:

5-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

" 2-тарау. Пруденциалдық нормативтің есебін және пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

5. Есептік тоқсанның соңғы жұмыс күні үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен пруденциалдық нормативтің есебіне байланысты қосымша мәліметтер (бұдан әрі - Қосымша мәліметтер) уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынылады.

6. Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі.

7. Қосымша мәліметтер қағаз және электрондық тасымалдағышта жасалады және уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта беріледі. Қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерге инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады және инвестициялық портфельді басқарушыда сақталады. Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органның талабы бойынша сұраныс түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерді береді.

8. Пруденциалдық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

9. Пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшеу бірлігі мыңдық теңгеде белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

10. Уәкілетті органға берілетін пруденциалдық нормативтің есебіне

инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды және инвестициялық портфельді басқарушының мөрімен куәландырылады.

11. Электрондық тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

12. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға қамтамасыз етеді.

13. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық нормативті бұзған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы бұзушылық болған сәттен бастап үш күнтізбелік күні ішінде уәкілетті органға пруденциалдық нормативті бұзу факті мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып, хабарлайды."

4. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4299 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4478 тіркелген), "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір

нормативтік құқықтық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4608 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл, N 5, 255-құжат), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 112 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4690 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістері мен толықтыруларымен бірге:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді е с е п т е у е р е ж е с і н д е :

6-тараудың атауы "есебі үшін" деген сөздерден кейін "пруденциалдық нормативтердің есебін және" деген сөздермен толықтырылсын;

2 5 - т а р м а қ :

"қосымша мәліметтер" деген сөздерден кейін "және пруденциалдық нормативтердің есебі" деген сөздермен толықтырылсын;

"5-қосымшасына" деген цифр мен сөз "5 және 7-қосымшаларына" деген цифрлармен және сөздермен ауыстырылсын;

2 6 - т а р м а қ :

"қосымша мәліметтер" деген сөздерден кейін "және пруденциалдық нормативтердің есебі" деген сөздермен толықтырылсын;

"6-қосымшасына" деген цифр мен сөз "6 және 8-қосымшаларына" деген цифрлармен және сөздермен ауыстырылсын;

27-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі, оған Қордың, Ұйымның, Брокер және (немесе) дилердің және Басқарушының бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер қол қояды және ол мөрмен куәландырылады.";

3 1 - т а р м а қ :

"қосымша мәліметтердегі" деген сөздерден кейін "және пруденциалдық нормативтердің есебіндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

3 2 - т а р м а қ :

"қосымша мәліметтерді" деген сөздерден кейін "және пруденциалдық нормативтердің есебін" деген сөздермен толықтырылсын;

34-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын.

5. Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4480 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтерін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4608 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл, N 5, 255-құжат) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні, олардың есебінің әдістемесі
т у р а л ы н ұ с қ а у л ы қ т а :

32-тармақтың бірінші және екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Ұйым ай сайын, бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей, уәкілетті органға электрондық және қағаз тасымалдағыштарда мыналарды береді:

1) осы Нұсқаулықтың 1-3 және 5-қосымшасына сәйкес K_1 коэффициенті мәнінің есебін;"

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қағаз тасымалдағыштағы K_1 коэффициенті мәнінің есебі екі данада жасалады, оған Ұйымның бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер, сондай-ақ Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген ақпаратқа қол қоюға құқығы бар басқа тұлғалар қол қояды, және Ұйымның мөрімен куәландырылады. Бір данасы уәкілетті органға беріледі, екіншісі Ұйымда сақталады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Электрондық тасымалдағыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер осы айдың бесінші жұмыс күні Астана уақытымен 18.00-сағаттан кешіктірмей есепті айдан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша ұсынылады.

Қағаз тасымалдағыштағы қосымша мәліметтерге Ұйымның бірінші басшысы немесе оның орнындағы тұлға, бас бухгалтер, сондай-ақ Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген ақпаратқа қол қоюға құқығы бар басқа тұлғалар қол қояды, мөрмен куәландырылады және Ұйымда сақталады."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК